

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО
КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 14-кіреберіс
тел.: 8 (7172) 74-13-12, 74-13-33
e-mail: k.kense@mki.gov.kz

010000, город Астана, Дом Министерств
проспект Мәңгілік Ел, 8, 14 подъезд
тел.: 8 (7172) 74-13-12, 74-13-33
e-mail: k.kense@mki.gov.kz

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
Е. Бейсенбаевқа
Ж. Әшімжанға
Н. Сәрсенғалиевке
Н. Тауға

2026 жылғы 15 қаңтардағы № ДЗ-10

Құрметті Елнұр Сабыржанұлы!

Құрметті Жанарбек Садықанұлы!

Құрметті Нартай Аралбайұлы!

Құрметті Нұргүл Тауқызы!

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі (бұдан әрі-*Министрлік*) өз құзыреті шеңберінде Сіздің сұрау салуыңызды қарап, мынаны хабарлайды.

«Кинематография туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысына сәйкес Министрлік кинематография саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Министрліктің функцияларында жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын кинотеатрлардың қызметін бақылау жөніндегі өкілеттіктер жоқ.

Сондай-ақ Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне қол сұғылмаушылық қағидатына кепілдік беріледі және мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілерінің істеріне заңсыз араласуына тыйым салынады.

Осыған байланысты Министрлік кинотеатрларға кешенді тексеруді ұйымдастыра алмайды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 404 кинозалы бар 100-ге жуық кинотеатр жұмыс істейді, ал қажеттілік 2000 залға бағаланады (дамыған елдер деңгейінде киноның қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін). Кинотеатрлардың басым көпшілігі ірі

қалаларда орналасқан және өңірлерде, шағын қалалар мен ауылдарда жоқ.

Соңғы 5 жылда отандық фильмдерге деген жоғары сұранысқа қарамастан залдар саны өскен жоқ. Жылына еліміздің кинотеатрларында 400-ге жуық фильм көрсетіледі, оның ішінде қазақстандық кино: 2021 – 31, 2022 – 60, 2023 – 79, 2024 – 94, 2025 – 103 (25 % жалпы кинопрокаттан).

Салыстыру үшін: Францияда (68 миллион халқы бар) шамамен 7000 кинотеатр жұмыс істейді, бұл дегеніміз 10 мың тұрғынға 1 зал барабар. Құрылысты мемлекеттік қолдаудың арқасында осындай деңгейге қол жеткізілген.

Сонымен қатар кинотеатрлар табыс әкелетін жеңіл ойын-сауық картиналарынан басқа ұлттық фильмдерді көрсетуге қызығушылық танытпайды. Мемлекет кинотеатрларға қолдау көрсетпейді және ұлттық фильмдердің көрсетілімдерін субсидияламайды.

Кинотеатрлардың заңнамалық деңгейде мемлекеттік қолдау есебінен өндірілген фильмдерді көрсету міндеті туралы норманы енгізу реттеушілік әсерге талдау жүргізуді талап етеді, себебі жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайды.

2019 жылы «Кинематография туралы» Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеу және 2022 жылы өзгерістер енгізу кезінде осындай норманы енгізу жоспарланды, бірақ реттеушілік әсерді талдаудың оң қорытындысы алынбады.

Сондай-ақ залдар санын ұлғайту және жаңа кинотеатрлар салу тұрғысынан елімізде одан әрі кино өнерін дамыту мәселесін қарастыру қажет.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, халықты мәдени құндылықтар мен шығармашылық өнімдерге тең қолжетімділікпен қамтамасыз ету, сондай-ақ ұлттық фильмдердің көрсетілімдерін арттыру үшін Министрлік:

- бюджет қаражатынан тыс немесе МЖӘ тетігі есебінен аудандар мен моноқалаларға баса назар аудара отырып, республика бойынша кинотеатрлар/көпфункционалды залдар ашуды;

- жергілікті атқарушы органдар есебінен мәдениет үйлерінде проекциялық жабдықтарды және/немесе жылжымалы кино қондырғыларын сатып алу мүмкіндігін қарастыруды;

- заңға кинотеатрлардың ұлттық киноны көрсету міндетін реттейтін түзету енгізуді ұсынады.

Құрметпен,

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Мәдениет және ақпарат министрі**

А. Балаева

*Орын.: А. Оспанова
74-03-78, a.ospanova@mki.gov.kz*

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО
КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 14-кіреберіс
тел.: 8 (7172) 74-13-12, 74-13-33
e-mail: k.kense@mki.gov.kz

010000, город Астана, Дом Министерств
проспект Мәңгілік Ел, 8, 14 подъезд
тел.: 8 (7172) 74-13-12, 74-13-33
e-mail: k.kense@mki.gov.kz

№ _____

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Бейсенбаеву Е.
Әшімжан Ж.
Сәрсенғалиеву Н.
Тау Н.**

На № ДЗ-10 от 15.01.2026 г.

Уважаемый Елнур Сабыржанович!

Уважаемый Жанарбек Садыканович!

Уважаемый Нартай Аралбаевич!

Уважаемая Нүргүл Тауқызы!

Министерство культуры и информации Республики Казахстан (далее – *Министерство*) рассмотрев в рамках своей компетенции Ваш запрос сообщает следующее.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О кинематографии», постановлением Правительства Республики Казахстан от 4 октября 2023 года № 866 «О некоторых вопросах Министерства культуры и информации Республики Казахстан» Министерство является государственным органом Республики Казахстан, осуществляющим руководство в сфере кинематографии.

В функциях Министерства отсутствуют полномочия по контролю за деятельностью кинотеатров, являющимися субъектами частного предпринимательства.

Также согласно Предпринимательскому кодексу гарантируется принцип неприкосновенности собственности субъектов предпринимательства и запрещается незаконное вмешательство государства в дела субъектов предпринимательства.

В связи с этим, организовать комплексную проверку кинотеатров Министерством не представляется возможным.

На сегодняшний день в Казахстане действуют порядка 100 кинотеатров с

404 кинозалами, в то время как потребность оценивается в 2000 залов (для обеспечения доступности кино на уровне развитых стран). В основной массе кинотеатры расположены в крупных городах и отсутствуют в регионах, малых городах и селах.

За последние 5 лет количество залов не выросло, несмотря на высокий спрос на отечественные фильмы. В год в кинотеатрах страны показывается порядка 400 фильмов, из них казахстанское кино составило: 2021 – 31, 2022 – 60, 2023 – 79, 2024 – 94, 2025 – 103 (25 % от общего кинопроката).

Для сравнения: во Франции (население 68 млн человек) работает около 7000 кинозалов, что дает пропорцию 1 зал на 10 тысяч жителей. Такой уровень достигнут благодаря государственной поддержке строительства.

Кроме того, кинотеатры не заинтересованы в показе национальных фильмов, кроме легких картин развлекательного характера, которые приносят доход. Государство не оказывает поддержку кинотеатрам и не субсидирует показы национальных фильмов.

Введение нормы об обязанности кинотеатров показывать фильмы, произведенные за счет государственной поддержки, на законодательном уровне потребует проведения анализа регуляторного воздействия, так как затрагивает интересы субъектов частного предпринимательства.

В 2019 году при разработке и в 2022 году при внесении изменений в Закон введение подобной нормы планировалась, но не было получено положительное заключение по результатам анализа регуляторного воздействия.

Также необходимо рассмотреть вопрос дальнейшей кинофикации страны в сторону увеличения количества залов и строительства новых кинотеатров.

Учитывая вышеизложенное, для обеспечения населению равного доступа к культурным ценностям и творческим продуктам, а также увеличению показов национальных фильмов Министерством предлагается:

- открывать кинотеатры/многофункциональные залы по республике с упором на районы и моногорода, за счет вне бюджетных средств или механизма ГЧП;
- рассмотреть возможность приобретения проекционного оборудования и/или передвижных киноустановок в домах культуры за счет местных исполнительных органов;
- внести поправку в Закон, регулирующую обязанность кинотеатров показывать национальное кино.

С уважением,

**Заместитель Премьер-министра –
Министр культуры и
информации Республики Казахстан**

А. Балаева

*Исп.: А. Оспанова
74-03-78, a.ospanova@mki.gov.kz*